

## **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитетін құрудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 914 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 24-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті құрылсын.

2. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары құрылсын.

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі туралы ереже осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 914 қаулысына  
1-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің құрылатын республикалық мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Нұр-Сұлтан қаласының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Алматы қаласының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Шымкент қаласының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
4. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Ақмола облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
5. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Ақтөбе облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
6. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Алматы облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
7. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Атырау облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
8. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Батыс Қазақстан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
9. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Жамбыл облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
10. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Қарағанды облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
11. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Қостанай облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
12. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Қызылорда облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
13. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Маңғыстау облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
14. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Павлодар облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
15. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Солтүстік Қазақстан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
16. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Түркістан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
17. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Шығыс Қазақстан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 914 қаулысына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 10 шілдедегі  
№ 497 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі туралы ереже

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мына:

1) сыртқы сауда қызметін, халықаралық сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және реттеу, оның ішінде халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу;

2) шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту және ілгерілету;

3) ішкі сауданы дамыту және реттеу, сауда инфрақұрылымын жетілдіру, биржалық және электрондық сауданы дамыту;

4) тұтынушылардың құқықтарын қорғау;

5) стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеушілік функцияларды қоса алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету салаларындағы мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) "Техникалық реттеу және метрология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Сауда комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 7-кіреберіс.

10. Осы ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

1) сыртқы сауда қызметін дамыту мен реттеу, ішкі сауданы дамыту мен реттеу, электрондық және биржалық сауданы дамыту мен ілгерілету, шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту мен ілгерілету салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2) халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу;

3) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

4) халықаралық сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және реттеу;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының болу мемлекетімен және басқа елдермен сауда байланыстарын орнату жолымен сауда өкілдігі институтын дамыту;

7) техникалық реттеу, стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, іске асыруға және реттеуге қатысу;

8) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру;

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

Министрлік жанынан консультативтік-кеңесші органдар құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

өз құзыреті шегінде орындалуға міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілері негізінде олармен келісу бойынша басқа мемлекеттік органдармен, коммерциялық емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) Министрліктің құзыреті шегіндегі халықаралық ынтымақтастық;

2) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде немесе Қазақстан Республикасының дербес шет мемлекеттермен сауда-экономикалық ынтымақтастық және еркін (преференциялық) сауда туралы келісімдер жасасуға қатысты келіссөздер жүргізу жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметіне қатысу және оны үйлестіру;

3) халықаралық және өңірлік ұйымдар шеңберінде, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметіне қатысу және оны үйлестіру;

4) халықаралық сауда және экономикалық ұйымдармен және интеграциялық бірлестіктермен, шет мемлекеттермен, шет мемлекеттердің одақтарымен келіссөздерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан өкілдік ету;

5) Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын және олардың жобаларын Дүниежүзілік сауда ұйымының нормаларына және Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру кезінде қабылданған Қазақстан Республикасының міндеттемелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарау;

6) Дүниежүзілік сауда ұйымының жұмыс және консультациялық органдарымен, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымының шеңберінде Қазақстан Республикасының

міндеттемелерін қозғайтын мәселелер бойынша Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

7) Дүниежүзілік сауда ұйымының Дауларды шешу жөніндегі органымен және Дүниежүзілік сауда ұйымының құқығы жөніндегі консультациялық орталықпен өзара іс-қимыл жасау;

8) Дүниежүзілік сауда ұйымының жұмыс органдарымен, мүшелерімен және байқаушыларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;

9) Дүниежүзілік сауда ұйымы мәселелері жөніндегі ақпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

10) Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымы бөлімшесінің және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріндегі Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілдігіне іссапарға жіберілген Министрлік қызметкерлерінің қызметіне басшылық ету;

11) сыртқы сауда қызметін реттеудің кедендік-тарифтік, тарифтік емес, сауда және өтемақы шараларын қолдану, өзгерту немесе жою туралы ұсыныстарды қарау тәртібін айқындау;

12) сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу және қорытындылар дайындау;

13) тарифтік квоталарды қолданудың орындылығы туралы қорытындылар дайындау;

14) тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге немесе әкетуге арналған тарифтік квоталарды белгілеу және бөлу әдісін, тәртібін, көлемін және олардың қолданылу мерзімін айқындау;

15) тарифтік квотаны бөлу тәртібіне сәйкес өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында тарифтік квоталарды бөлу;

16) әкелінуіне немесе әкетілуіне қатысты тарифтік квоталар қолданылатын тауарларға кедендік баждардың квотаішілік мөлшерлемелерін және квотадан тыс мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес белгілеу;

17) тарифтік квоталар шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу немесе одан әкету кезінде экспортқа және (немесе) импортқа лицензиялар беру;

18) Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарларға қатысты тарифтік жеңілдік беру туралы шешім қабылдау;

19) тарифтік емес реттеу шараларын енгізу бойынша тәртіпті айқындау;

20) орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде елеулі маңызы бар тауарлар тізбесін айқындау;

21) жекелеген тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді сандық жағынан шектеулерді (квоталарды) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлуді, квоталар мөлшерін және оның қолданылу мерзімін келісу;

22) квоталарды бөлу тәртібін келісу;

23) үшінші тараптан келетін тауарлардың импортына қатысты сауда шараларын үшінші тараптың Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты қолдануы алдында жүргізілген тергеп-тексерулер шеңберінде мемлекеттік органдардан және ұйымнан алынған, оның ішінде құпия ақпаратты үшінші тараптың заңнамасында айқындалған тиісті ақпараттық жүйеге жүктеу арқылы беру жағдайларын қоспағанда, оны сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган арқылы үшінші тараптың құзыретті органдарына беруді жүзеге асыру;

24) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қатысты өтемақы шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында және Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өтемақы шарасын қолдануы алдындағы тергеп-тексерулер шеңберінде мемлекеттік органдардан және ұйымнан алынған, оның ішінде құпия ақпаратты сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің құзыретті органдарына беруді жүзеге асыру;

25) Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі жағдайларындағы міндеттемелері шеңберінде мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың бүкпесіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру;

26) халықаралық және республикалық маңызды мәртебесі бар көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізу тұжырымдамасын келісу;

27) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберіндегі сатып алуды қоспағанда, мүдделі мемлекеттік келісу бойынша Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерінің, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің әскери немесе арнаулы нысанды, нысанды киім-кешегінің заттарына, айырым белгілеріне жататын тауарлар тізбесін бекіту;

28) тарифтік преференциялар беру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

29) тарифтік жеңілдіктер беру қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ өздеріне қатысты тарифтік жеңілдік берілетін тауарлардың тізбесін бекіту;

30) сауда шаралары мәселелері бойынша ұсыныстарды қалыптастыру және Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісу;

31) сауда шаралары мәселелері бойынша тергеп-тексеру жүргізетін үшінші тараптың құзыретті органымен өзара іс-қимыл жасау;

- 32) сауда шараларын қолдану мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;
- 33) стандарттау, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу, техникалық реттеу, өлшем бірлігі салаларында тауарларды таңбалау және қадағалап отыру мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 34) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 35) мемлекеттік сауда саясатын қалыптастыру;
- 36) тергеп-тексеруді жүргізетін органмен арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- 37) тергеп-тексеруді жүргізетін органға арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану алдындағы тергеп-тексеруге бастама жасау жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 38) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша жұмысын үйлестіру;
- 39) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша ұсыныстарды қалыптастыру және Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісу;
- 40) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;
- 41) басқа елдердің ресми органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 42) сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану;
- 43) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы мәселелері бойынша өзара іс-қимылын үйлестіру;
- 44) Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерінің бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілік іріктеу тәртібін айқындау;
- 45) өтемақы шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізу;
- 46) өтемақы шаралары мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 47) халықаралық сауда ынтымақтастығы бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру, халықаралық ұйымдармен және интеграциялық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

48) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасауы және сауда ынтымақтастығын тереңдету;

49) тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу және қайта ресімдеу үшін өтініштердің нысандарын, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның нысандарын әзірлеу және бекіту;

50) өз құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты дамытуды және ілгерілетуді жүзеге асыру;

51) Қазақстан Республикасы салалық мемлекеттік органдарының шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету мәселелері бойынша жұмысын үйлестіру;

52) өз құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты ілгерілету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

53) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, өз құзыреті шегінде экспортты ілгерілету жөніндегі шараларды әзірлеу және бекіту;

54) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

55) сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

56) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қазақстан Республикасының қатысуы бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру және мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

57) Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын және олардың жобаларын "Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" 2014 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың нормаларына сәйкестігі тұрғысынан қарау және келісу;

58) қолданылып жүрген және жоспарланатын субсидиялар туралы хабарламаларды дайындау және Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге жіберу;

59) Қазақстан Республикасында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде берілетін және беруге жоспарланатын субсидиялардың "Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" 2014 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне сәйкестігі туралы тергеп-тексерулер жүргізу;

60) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және бекіту;

61) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, халықтың сауда алаңымен қамтамасыз етілуінің ең төмен нормативтерін әзірлеу және бекіту;

62) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға шекті жол берілетін бөлшек сауда бағаларының мөлшерін белгілеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

63) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін айқындау мақсатында макроэкономикалық талдау жүргізу;

64) ішкі сауда қағидаларын бекіту;

65) сауда инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

66) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, тауарларға баға мониторингін жүргізу және нарыққа реттеушілік әсер ету орынды болатын баға деңгейіне қол жеткізген жағдайда мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сауда қызметінің субъектілерін – шығарылатын материалдық құндылықтарды алушыларды, оның көлемін, бағасын және сауда үстемесінің мөлшерін көрсете отырып, нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қажеттілігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу;

67) бөлшек саудада азық-түлік тауарларының табиғи кему нормаларын әзірлеу және бекіту;

68) стационарлық сауда объектілерінің түрлері мен оларға қойылатын талаптарды бекіту;

69) тауар биржаларының қызметін мемлекеттік реттеу;

70) биржалық тауарлардың тізбесін бекіту, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

71) мемлекеттік қызметтер көрсету;

72) техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін алып қойылған өнімді жою не кәдеге жарату немесе қайта өңдеу бойынша талаптарды белгілеу;

73) тауар биржасында халықаралық биржалық сауда-саттықтарды дамыту үшін жағдайлар жасау;

74) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген тауарлардың экспортын және (немесе) импортын лицензиялауды жүзеге асыру;

75) құзыреті шегінде тауарлардың жекелеген түрлерін импорттауға және (немесе) экспорттауға рұқсаттар беру;

- 76) тауарлар импорты саласында берілген лицензиялар мен рұқсаттардың деректер базасын жүргізу;
- 77) тиісті саладағы (аядағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу;
- 78) коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржаларының қызметі және биржалық сауда мәселелері бойынша ақпаратты жариялау;
- 79) сауда қызметін дамыту, сондай-ақ тауарларды өндіру және сату үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 80) биржалық сауданың үлгілік қағидаларын бекіту;
- 81) тауар биржаларының қызметін реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 82) тауар биржаларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 83) тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 84) кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 85) тауар биржасы клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 86) биржалық мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- 87) тауар биржалары саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келісу;
- 88) тауар биржасында брокерлерді және (немесе) дилерлерді аккредиттеу қағидаларын келісу;
- 89) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 90) электрондық сауда саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және оларды мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісуді қамтамасыз ету;
- 91) Қазақстан Республикасында электрондық сауданы дамытуға және ілгерілетуге жәрдемдесу;
- 92) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 93) таңбалауға және қадағалап отыруға жататын тауарлардың тізбесін қалыптастыруға байланысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;
- 94) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрменкелер өткізуге бастама жасау, қатысу және оларды ұйымдастыру;

- 95) Қазақстан Республикасының шетелдегі сауда өкілдіктерінің қызметін үйлестіру және қаржылық және кадрлық қамтамасыз етілуін бақылау;
- 96) Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғау бойынша шаралар қабылдау;
- 97) тоқсан сайын тауардың шығарылуы туралы сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйым беретін тауардың шығарылуы туралы берілген сертификаттар жөніндегі ақпаратты талдау арқылы мониторингті, сондай-ақ ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификат беруге мониторингті жүзеге асыру, уәкілетті органның (ұйымның) Еуразиялық экономикалық одақ тауарының және (немесе) шетел тауарының мәртебесін айқындауы;
- 98) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 99) тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 100) Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 101) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру, жүргізу және сүйемелдеу, сондай-ақ нормативтік техникалық құжаттардың, ресми басылымдардың көшірмелерін тарату тәртібін айқындау;
- 102) стандарттау жөніндегі ұлттық органды айқындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыным беру;
- 103) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың стандарттау саласындағы қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 104) сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттардың қолданысын ұзарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 105) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу тәртібін айқындау;
- 106) халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттер стандарттарын, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың стандарттау жөніндегі қағидалары мен ұсынымдарын, техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын қолдану тәртібін айқындау;

107) ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын нормативтік құқықтық актілерде қолдану тәртібін айқындау;

108) ұлттық стандарттау жоспарын әзірлеу тәртібін айқындау;

109) техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының депозитарийін құру және жүргізу тәртібін айқындау;

110) техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою қағидаларын әзірлеу және бекіту;

111) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, сондай-ақ тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

112) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді кері қайтарып алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

113) сәйкестікті бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

114) өлшем құралдарын салыстырып тексерушілерді аттестаттаудан, қайта аттестаттаудан өткізу және олардың сертификаттарын кері қайтарып алу тәртібін, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын айқындау;

115) мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықты айқындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыным беру;

116) шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын және аккредиттеу субъектілері шама бірліктерінің эталондарын жасау, бекіту, сақтау, қолдану және салыстыру тәртібін айқындау;

117) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау тәртібін айқындау;

118) өлшемдерді орындау әдістемелерін және өлшемдерді орындаудың референттік әдістемелерін әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу тәртібін айқындау;

119) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, техникалық регламенттерге, сондай-ақ мемлекетаралық және ұлттық стандарттарға метрологиялық сараптама жүргізу тәртібін айқындау;

120) өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және қолдану тәртібін айқындау;

121) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізу тәртібін айқындау;

122) мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдердің тізбелерін қалыптастыру тәртібін және оларға қойылатын метрологиялық талаптарды айқындау;

- 123) мемлекеттік органдармен бірлесіп, мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдерге қойылатын метрологиялық талаптарды белгілеу;
- 124) өлшем құралдарына тексеру жүргізу және өлшем құралдарын тексерудің мерзімділігін белгілеу тәртібін айқындау;
- 125) өлшем құралдарының типін бекіту, типін бекіту мақсаттары үшін сынау, оларды метрологиялық аттестаттау және типін бекіту белгісінің нысанын белгілеу тәртібін айқындау;
- 126) аккредиттеу кезінде аккредиттеу субъектілері мен заңды тұлғалар үшін өлшемдердің метрологиялық қадағаланып отыруын қамтамасыз ету тәртібін айқындау;
- 127) стандартты үлгінің типін бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу тәртібін айқындау;
- 128) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 129) өлшем құралдарының типін бекіту және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттардың нысандарын бекіту;
- 130) салыстырып тексеру таңбаларын дайындау, сақтау және қолдану тәртібін айқындау;
- 131) сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін сәйкестікті бағалау саласында қағаз және электрондық жеткізгіштердегі аккредиттеу саласында мәлімделетін аккредиттеу өтінімінің, сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларына (орталықтарына), метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған паспорттың, өлшемдерді орындау әдістемелерінің, сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын персонал туралы мәліметтердің нысанын бекіту;
- 132) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу алдындағы және аккредиттеуден кейінгі үлгілік шарттарды бекіту;
- 133) техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;
- 134) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру, олардың жұмыс істеуі және тарату тәртібін айқындау;
- 135) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 136) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 137) әкелу немесе әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін, сондай-ақ қажет болған кезде оларды есептеу тәртібін бекіту;
- 138) көлік құралдарын жасаушыларға халықаралық сәйкестендіру кодтарын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

139) көлік құралын жасаушыға халықаралық сәйкестендіру кодын беру туралы куәліктің нысанын әзірлеу және бекіту;

140) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарды, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту тәртібін бекіту;

141) шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттарын, сынақ хаттамаларын, сәйкестік белгілерін және сәйкестікті бағалау туралы өзге де құжаттарды тану тәртібін айқындау;

142) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық ету;

143) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

144) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

145) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралар туралы халықты хабардар ету, насихаттау және қарсы насихаттау қызметін жүргізу;

146) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылыққа тарту;

147) құпияландырылуға жататын мәліметтердің ведомстволық тізбесін әзірлеу;

148) Министрлік, оның ішінде ведомстволық бағынысты ұйымдар әзірлеген мемлекеттік құпиялардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғалуын қамтамасыз ету;

149) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етудің немесе жоғалтудың салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның мөлшерін айқындау тәртібін әзірлеуге қатысу;

150) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтердің, сондай-ақ өздері құпияландырған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету;

151) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге белгіленген тәртіппен рұқсат алу;

152) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат берілетін азаматтарға қатысты тексеру шараларын жүргізуді қамтамасыз ету;

153) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;

154) оқу орталықтарына қойылатын талаптарды, оларды техникалық реттеу тізіліміне енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

155) тауардың шығарылуы туралы сертификаттарды берудің негізділігін, олардағы мәліметтердің анықтығын және дайындаушылардың тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі қағидаларда көзделген тәртіппен тауар әкелінетін елдің уәкілетті органдарының сұрау салулары негізінде тауарлардың шығарылған елін айқындау өлшемшарттарын орындауын верификациялауды (тексеруді), тауардың шығарылуы туралы сертификатты беруді және оның күшін жоюды жүзеге асыру;

156) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында экспорттаушыларды тауар әкелінетін елдің ақпараттық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру;

157) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндіретін өнімді айналысқа шығаруға тыйым салу;

158) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу бойынша оны айналысқа шығару бөлігінде тексеру парақтарын және тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

159) бірыңғай тізбеге енгізілмеген, бірыңғай тізбеге енгізілген, бірақ оған қатысты техникалық регламенттер қабылданбаған немесе қолданысқа енгізілмеген өнімді айналысқа шығару қағидаларын, сондай-ақ оған қатысты жалпы қауіпсіздік туралы декларация қабылданатын өнімнің тізбесін, жалпы қауіпсіздік туралы декларацияның нысанын әзірлеу және бекіту;

160) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды енгізу немесе шығару туралы шешімдер қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

161) тиісті зертханалық практика қағидаларын іске асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

162) техникалық реттеу тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сүйемелдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

163) өлшем құралдарын бастапқы тексеру нәтижелері бойынша айналысқа шығарылатын өлшем құралдарының тізбесін бекіту;

164) дайындаушы немесе сатушы өлшеп-ораған кез келген түрдегі қаптамадағы өнімнің, сондай-ақ өткізу кезіндегі импорттаушы әкелген өлшеп-оралған өнімнің және сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өнім санының сәйкестігін мемлекеттік метрологиялық бақылау мақсатында анықтау жөніндегі тәртіпті айқындау;

165) аккредиттеу жөнінде кеңес құру, оның құрамын және ол туралы ережені әзірлеу және бекіту;

166) аккредиттеу субъектілері қызметінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

167) тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында экспорттаушыларды әкелу елдерінің ақпараттық жүйелерінде тіркеу қағидаларын бекіту;

168) алып қойылған өнімді сақтау қағидаларын бекіту;

169) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

170) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу және олар бойынша қорытындылар беру;

171) ашық бюджеттердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ақпарат орналастыру;

172) ашық деректердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ашық деректерді орналастыру;

173) жобаларды ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде орналастыру;

174) жеке және заңды тұлғалардың сыртқы және ішкі сауда, халықаралық экономикалық интеграция, шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын дамыту, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу мәселелері бойынша жолданымдарын қарау;

175) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

176) өнімді айналысқа шығару бөлігінде оның техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде не Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінде белгіленген талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

177) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын тексеру мақсатында мемлекеттік метрологиялық бақылауды жүзеге асыру;

178) мемлекеттік органдарға техникалық реттеу объектілерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына, техникалық регламенттерге және ұлттық стандарттарға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

179) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналысқа шығарудың жолын кесу және оған жол бермеу жөніндегі ықпал ету шараларын қабылдау;

180) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндіретін өнімді алып қою және қадағалау субъектісін Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес осындай өнімді иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығынан айыру туралы сотқа талап қою;

181) жеке, заңды тұлғалар техникалық реттеу саласындағы лауазымды адамдар берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

182) зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

183) өнімдер мен процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде консультативтік-кеңесші органдар құру;

184) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, техникалық реттеу объектілерінің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарына сәйкестігін бағалау кезінде зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары ретінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарын бекіту;

185) аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

186) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

187) техникалық реттеу мәселелері бойынша сараптамалық кеңестермен, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;

188) техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда техникалық реттеу мәселелері бойынша келіссөз позициясын қалыптастыру және Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

189) стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

- 190) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау бойынша лицензиялауды жүзеге асыру;
- 191) техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша жоспар жобасын қалыптастыру және бекіту;
- 192) саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 193) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) және мемлекетаралық стандарттарды талдауды және әзірлеуді ұйымдастыру;
- 194) ұлттық стандарттарды Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті техникалық регламенттеріне стандарттардың тізбелеріне енгізу жөнінде жұмыстар жүргізу;
- 195) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың күшін жоюды жүзеге асыру;
- 196) зертханааралық салыстырмалы сынау (салыстыру) жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 197) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін қалыптастыруға қатысу;
- 198) тауарларды таңбалау мен олардың қадағаланып отыруы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, олардың құзыреті шегінде тауарларды таңбалау мен олардың қадағаланып отыруының бірыңғай операторына қойылатын талаптар мен оны айқындау тәртібін әзірлеу;
- 199) тауарларды таңбалау мен олардың қадағаланып отыруы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, олардың құзырет шегінде тауарларды таңбалау мен олардың қадағаланып отыруының ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптарды әзірлеу;
- 200) ұлттық стандарттау жоспарын бекіту;
- 201) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды, сондай-ақ оларға өзгерістерді бекіту;
- 202) мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықтың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 203) шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын бекіту;
- 204) шама бірліктері эталондарының сыныптамасын бекіту;
- 205) метрология жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;
- 206) мемлекеттік метрологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;
- 207) уақыт пен жиіліктің өлшем бірлігін қамтамасыз етуге және Жердің айналу параметрлерін айқындауға бағытталған жұмыстарды өңіраралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және орындау;

208) стандартты үлгілерді әзірлеумен және енгізумен байланысты жұмыстарды өңіраралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және орындау;

209) заттар мен материалдардың физикалық константалары мен қасиеттері туралы стандартты анықтамалық деректерді әзірлеумен және енгізумен байланысты жұмыстарды өңіраралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және орындау;

210) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;

211) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізу;

212) өлшем құралдарының типін бекіту туралы шешім қабылдау;

213) әзірленген техникалық регламенттерді сараптауды, келісуді, техникалық регламенттердің қолданылуын тоқтата тұруды не күшін жоюды келісуді жүзеге асыру, оның ішінде мемлекеттік органдардың техникалық регламенттердің қолданылуын тоқтата тұру не күшін жою мәселелеріне бастама жасауы;

214) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

215) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

216) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру және "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру;

217) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзу фактілері бойынша мемлекеттік органдардан, тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінен, тұтынушылардың заңды мүдделерін білдіретін өкілдерден, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алынған ақпарат пен есептілік негізінде жүргізу;

218) тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін және оның мобильдік нұсқасын қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

219) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде тұтынушыларға ақпарат, консультация беруді, оларды ағартуды, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруды жүзеге асыру;

220) зерттеулер, ақпараттық-ағартушылық жұмыс жүргізу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша халыққа консультациялық көмек және тұтынушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруде оларға өкілдік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты

қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

221) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңесте талқыланған нәтижелері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын баяндама ұсыну;

222) Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңестің қызметін қамтамасыз ету;

223) оннан астам тұтынушының нақ сол бір мәселе бойынша құқықтары бұзылған жағдайларда тұтынушылардың белгіленген тобының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгіну;

224) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен техникалық реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау салаларында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ әкімшілік жазалар қолдану;

225) мемлекеттік органдарға "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұза отырып, өздері қабылдаған шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар (ұсынымдар) енгізу;

226) тұтынушылардың, оның ішінде Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы келіп түсетін шағымдарына, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың және тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің қызметіне талдау жүргізу;

227) желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, пошта және басқа да тәсілдермен сату арқылы сауда орындарынан тыс бөлшек сауда тәртібін айқындау;

228) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, азаматтық және қызметтік қаруды және оған патрондарды, азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға арналған рұқсаттарды, еңбекші көшіп-қонушыларға арналған рұқсаттарды қоспағанда, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

229) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция**

министрлігінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Министрлікке басшылық етуді бірінші басшы жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары (бірінші вице-министр, вице-министрлер) болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Министрлік реттейтін салалардағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

3) ведомстволардың өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау құзыреті мен тәртібін айқындайды;

4) Министрлік жанынан сараптамалық кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңесші органдар құрады;

5) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Министрлік атынан өкілдік етеді;

7) Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;

8) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

9) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауаптылықта болады;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

#### **4-тарау. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің мүлкі**

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы.

2. "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.

3. "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" арнайы экономикалық аймағын басқарушы компания" акционерлік қоғамы.

4. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан стандарттау және метрология институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

5. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Ұлттық аккредиттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

#### **Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің "Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі" мемлекеттік мекемесі.

#### **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Нұр-Сұлтан қаласының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Алматы қаласының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.



14. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

15. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

16. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Түркістан облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

17. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

#### **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

12. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

13. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

14. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

15. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

16. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

17. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

### **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Нұр-Сұлтан қаласының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Алматы қаласының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Шымкент қаласының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Ақмола облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
5. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Ақтөбе облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
6. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Алматы облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
7. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Атырау облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
8. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Батыс Қазақстан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
9. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Жамбыл облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
10. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Қарағанды облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
11. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Қостанай облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
12. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Қызылорда облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
13. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Маңғыстау облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
14. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Павлодар облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
15. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Солтүстік Қазақстан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
16. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Түркістан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
17. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Шығыс Қазақстан облысының сауда департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК